

**«Фортепиано аспабында оқыту әдістемесі» пәні
бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу.

2. Міндеті: Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Тест мазмұны: «02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)» мамандығы, 4S02150101 - Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы біліктілігі бойынша «Фортепиано аспабын оқыту әдістемесі» пәні бойынша педагогтерді аттестаттауға арналған тест.

№	Тақырыбы	№	Тақырыпша
01	Музыкалық қабілеттер және олардың оқу-орындаушылық кезіндегі дамуы	01	Балалар музыкалық мектебіне қабылдау кезіндегі музыкалық қабілеттер диагностикасы
		02	Музыкалық есту түрлерінің классификациясы, оны дамыту.
		03	Музыкалық есте сақтау, оның түрлері және дамыту жолдары
		04	Музыкалық ритм сезімін қалыптастыру, оның түрлері
02	Музыкалық білім берудің бастапқы кезеңі	05	Шығармашылық қабілеттерді дамыту
		06	Нота үйренуге дейінгі және алғашқы оқыту кезеңдері
03	Фортепианода музыкалық шығарма бойынша жұмыс жасау кезеңдері	07	Оқудың алғашқы жылдарындағы пианисттік аппаратты ұйымдастыру
		08	Сабактың түрлері. Фортепиано сабағында сабақ өткізу әдістері
		09	Музыкалық мәтінді парақтан оқу
		10	Музыкалық мәнерлеу құралдары. Кәсіби терминология
		11	Педальдау
04	Фортепиано техникасы	12	Концертке дейінгі дайындық және сахналық толқу
		13	Техника түрлері. Этюдтар жинағының педагогикалық репертуары
05	Фортепианолық оқуда стиль тәсілдері	14	Аппликатураның негізгі принциптері
		15	Полифония
		16	Ірі форма
		17	Шағын форма шығармалары
		17	Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармаларына репертуарлық шолу
Контексттік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистика, сурет және т.б.).			

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамалары:

Музыкалық қабілеттер және олардың оқу-орындаушылық іс-әрекет барысындағы дамуы.

Балалардың музыкалық мектептеріне түсу емтихандарының формалары: тестілеу, онлайн емтихан, дәстүрлі тыңдау. Есту түрлері: абсолютті, салыстырмалы, ішкі, тембрлік, гармоникалық, полифониялық.

Музыкалық есте сақтаудың түрлері: есту, қимылмен, визуалды, логикалық, эмоционалды. Ритм - музыкалық қабілеттің маңызды элементі. Ырғақ сезімін дамыту әдістері: дирижерлеу, түрту, жайлап шапалақтау, жылдамдату, баяулату. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Нотамен танысуға дейінгі оқу кезеңі: аспаппен, пернетақтамен танысу, аспап алдында отыру.

Оқудың алғашқы жылдарындағы пианисттік аппаратты ұйымдастыру: гимнастика және практика.

Қозғалыстың негізгі ақаулары және оларды жою тәсілдері.

Фортепиано класында музыка шығармасымен жұмыс жасау кезеңдері.

Сабак түрлері: тақырыптық, өзара қатысу, шеберлік – кластар. Фортепианодан класында сабак жүргізу әдістері: көрсету, түсіндіру.

Ноталық мәтінді парақтан оқу: есту, көру, моторика синтезі.

Музыкалық мәнерлілік құралдары: динамика, дыбыс, тембр, фактура, штрихтар, ырғақ.

Кәсіби терминология: қарқындардың, динамикалық рендердің итальяндық белгілері, штрихтар.

Педализация. Оң және сол педальдардың түрлері, ноталарда педальды белгілеу.

Сахыналық толқу. Бағдарламаның концерттік орындалуына жеке тұлғаның психотипінің әсері.

Шығармаларды жатқа орындаудың рөлі.

Техника түрлері: шағын, ірі, олардың класификациясы. Этюдтер жинағының педагогикалық репертуары: композиторлар К. Черни, Лешгорн, М. Клементи, М. Мошковский, И. Крамердің нұсқаулық этюдтары.

Негізгі аппликатураның принциптер. Аппликатураны шығарма стиліне байланысты қолдану. Аппликатура саласындағы жаңашыл композиторлар.

Фортепианоны оқытудың стильді тәсілі: Полифония. Полифониялық музыка шығармаларының репертуары: И.С. Бах «Нота дәптері», «Шағын прелюдиялар мен фугалар», «Инвенциялар», «ХТК». Көне музыка шығармаларындағы мелизматика, терминология. Полифониялық музыка шығармаларының редакциялары.

Ірі форма. Вена классиктерінің шығармашылығындағы сонатиналар, сонаталар, вариациялар. Ірі формамен жұмыс істеудің әдістері.

Кіші формадағы шығармалар. Пьесалар циклдарының негізгі педагогикалық репертуары.

Би сипаттағы және кантиленалық пьесалар. Құрылымды саралау: әуен мен сүйемелдеу.

Қазақстан композиторларының фортепианоға арналған шығармаларына репертуарлық шолу. А.Затаевич, А. Жұбанов, қ. Қожамияров, Ғ. Жұбанова, А. Исакова пьесаларының циклдары. Ойын тәсілдері, ұлттық аспаптарда ойнауға еліктеу. Орындаудағы ырғақтың рөлі: метроритм, өлшемді өзгерту, синкопалау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев А.Д. «Методика обучения игре на инструменте», Издательство «Лань», «Планета музыки», 2018.
2. Асафьев Б. Музыкальная форма как процесс. Кн.1-2. Л.:Музыка, 1971.
3. Артоболевская А.Д. Первая встреча с музыкой: учебное пособие. - СПб.:Композитор, 2020.-84с.
4. Бегимбетова Д. Ж. «Хрестоматия по методике обучения игре на фортепиано» Алматы, 1990.
5. Голубовская Н. «Искусство педализации», Москва «Музыка», 1985.
6. Калинина Н.П. «Клавирная музыка Баха в фортепианном классе», Издательство «Музыка», Санкт – Петербург, 2018.
7. Коган Г. Работа пианиста. М., 1969.
8. Либерман Е. «Работа над фортепианной техникой», Москва «Классика-XXI», 2007.
9. Нейгауз Г.Г. Об искусстве фортепианной игры: записки педагога. -Изд.6. – М.: XXI, 1999. - 232с.
10. Сапиева М.С. Фортепианная музыка композиторов Казахстана на рубеже XX-XXI вв. (1980-2014гг.): учебное пособие / М.С.Сапиева .- Костанай: типография КГПИ, 2017. – 125 с.
11. Способин И.В. Музыкальная форма. Издание 7. Изд. «Музыка» Москва, 1984.
12. Теплов Б.М. «Психология музыкальных способностей», М.- Л.: АПН РСФСР, 1947. -355 с.
13. Цыпин Г.М. «Обучение игре на фортепиано», М., 1984.
14. [www. music-dic.ru](http://www.music-dic.ru). «Музыкальная энциклопедия». 2009-2012.ver.2.
15. Крунтяева Т., Молокова Н., Ступель А. Словарь иностранных музыкальных терминов. Ленинград «Музыка», 1985.